

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 тамыздағы № 644 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ережеде:

13-тармақтың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;"

15-тармақта:

мынадай мазмұндағы 49-1) тармақшамен толықтырылсын:

"49-1) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін резервке қоюды қамтамасыз ету;"

мынадай мазмұндағы 110-1) тармақшамен толықтырылсын:

"110-1) ұялы байланыстың абоненттік құрылғылары арқылы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы халықты орталықтандырылған шұғыл хабардар етуді қамтамасыз ету;"

мынадай мазмұндағы 143-1) тармақшамен толықтырылсын:

"143-1) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бизнес-әріптестердің тізілімімен интеграциялануға жататын ақпараттандыру объектілерінің тізбесін бекіту;"

мынадай мазмұндағы 202-1) тармақшамен толықтырылсын:

"202-1) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы келісуді жүзеге асыру;"

206-4) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 213-13), 213-14), 213-15), 213-16), 213-17), 213-18), 213-19), 213-20), 213-21), 213-22), 213-23), 213-24), 213-25) және 213-26) тармақшалармен толықтырылсын:

"213-13) жаһандық навигациялық спутниктік жүйелерді қолдана отырып, мемлекеттік геодезиялық желінің пассивті пункттерінің координаталарын спутниктік айқындауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

213-14) Қазақстан Республикасының мемлекеттік гравиметриялық желісі пункттерінде гравиметриялық жұмыстарды орындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

213-15) кеңістіктік деректер тізілімін бекіту;

213-16) Қазақстан Республикасының кезекші анықтамалық картасын жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

213-17) Қазақстан Республикасының мемлекеттік геодезиялық, нивелирлік және гравиметриялық желілерінің пункттері мен белгілерін салу, зерттеп-қарау және қалпына келтіру жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

213-18) геодезиялық аспаптар мен жабдықтарды тексеру және зерттеу жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

213-19) геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізуге арналған техникалық жобаларды жасау жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

213-20) нивелирлеу пункттерінің биіктік каталогтарын жасау жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

213-21) геодезиялық және картографиялық жұмыстар бойынша техникалық есептерді жасау жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

213-22) Қазақстан Республикасын мемлекеттік геодезиялық және картографиялық қамтамасыз етудің негізгі көрсеткіштерін бекіту;

213-23) геодезиялық және картографиялық жұмыстардағы қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

213-24) қайта нивелирлеу материалдары бойынша жер бетінің қазіргі тік қозғалыстарының жылдамдығын есептеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

213-25) геодинамикалық полигондарда геодезиялық жұмыстар жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

213-26) геодезиялық пункттердің каталогтарын жасау және басып шығару жөніндегі нұсқаулықты бекіту;"

мынадай мазмұндағы 234-1) және 234-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"234-1) инновациялық қызмет сыныптамасын бекіту;

234-2) инновациялық қызметті дамытудың ұлттық индексін есептеу әдістемесін бекіту;"

мынадай мазмұндағы 245-4), 245-5) және 245-6) тармақшалармен толықтырылсын:

"245-4) жобалардың басқарушы құжаттарын әзірлеу әдістемесін бекіту;

245-5) жобаның жетілуін бағалау әдістемесін бекіту;

245-6) жобаның түйінді ұлттық индикаторға қол жеткізудегі үлесін және Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын орындау нәтижелерінің көрсеткіштерін айқындау әдістемесін бекіту;"

мынадай мазмұндағы 326-1) тармақшамен толықтырылсын:

"326-1) радиожиілік спектрін пайдалана отырып, байланыс саласындағы қызметтерді көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғаны үшін біржолғы төлемақы мөлшерін айқындау қағидаларын бекіту;"

мынадай мазмұндағы 367-2) тармақшамен толықтырылсын:

"367-2) әкімшілік органдардың байланыс орталықтарының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі үлгілік талаптарды орындау бойынша жұмысты үйлестіру;"

мынадай мазмұндағы 379-12) және 379-13) тармақшалармен толықтырылсын:

"379-12) деректерді өңдеу орталықтары операторларының, бұлтты есептеулер қызметтерін жеткізушілердің, интернет-трафикпен алмасу нүктелерінің қызметін реттеуді қамтамасыз ету;

379-13) мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға атау беру, олардың атауларын өзгерту, атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және оларға жеке адамдардың есімдерін беру туралы шешім қабылдау;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов